

Педагогикалық кеңес отырысының

№1 Хаттамасы

2025 жыл 28 тамыз

Қатысқандар: педагогтар саны- 7

Қатыспағандар : жоқ

Тақырыбы: Балабақшаның жаңа оқу жылына дайындығы

Мақсаты: Мектепке дейінгі ұйымдардағы тәрбие мен оқыту сапасын арттыру, педагогикалық үдерісін жетілдіру. Балабақшада тәрбиелеу мен білім беру жұмысын ұйымдастыру.

Күн тәртібінде:

Педагогикалық кеңестің құрамын бекіту. Төрайымын, хатшысын сайлау.

Меңгеруші: Г.Алмағанбетова

2. Балабақшаның 2025 -2026 оқу жылына арналған жылдық жоспарды бекіту.

Меңгеруші: Г.Алмағанбетова

Әдіскер: Ж.Садуахасова

3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға арналған перспективалық жоспар, күн тәртібін, оқу жоспары, ҰІӨ кестесін бекіту

Меңгеруші: Г.Алмағанбетова

Әдіскер: Ж.Садуахасова

4. Аттестаттау комиссиясын бекіту.

Меңгеруші: Г.Алмағанбетова

1.ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші сұрақ бойынша балабақша меңгерушісі тыңдалды.

Меңгеруші Г.Алмағанбетова педагогтарды жаңа оқу жылымен құттықтап № 1 педагогикалық кеңестің күн тәртібімен таныстырды. Жаңа оқу жылына педагогикалық кеңестің құрамын (төрайымын, хатшысын) сайлауын туралы айтты.

СӨЗ АЛҒАНДАР:

Әдіскер: Ж.Садуахасова

2025-2026 оқу жылына педагогикалық кеңестің төрағасы балабақша меңгерушісі Г.Алмағанбетова

педагогикалық кеңестің хатшысы А.Аппаз педагогтар бір ауыздан ұсынысты қолдады.

ШЕШІМІ:

1. Педагогикалық кеңестің құрамына : Төрайым балабақша меңгерушісі Г.Алмағанбетова. Тәрбиеші, А. Аппаз хатшы боп бекітілсін.

2. ТЫҢДАЛДЫ

Күн тәртібінде қаралған екінші сұрақ бойынша балабақша әдіскері тыңдалды. Ол балабақшаның 2025-2026 оқу жылының мақсат,

міндеттерімен, өзектілігімен, жылдық жоспардың бөлімдерімен, бағыттарымен таныстырды. Балабақшаның биылғы оқу жылының :

Мақсаты: Мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбие мен оқыту үдерісін мемлекеттік стандартқа сәйкес ұйымдастыру арқылы ұлттық құндылықтарға, отансүйгіштікке адалдыққа негізделген патриоттық тәрбиені қамтамасыз ету.

Міндеттері:

- Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес өмірі мен денсаулығын қорғау дербес дамуын ұйымдастыру, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын меңгерту;
- Баланың ойлау, сөйлеу, қиялдау дағдыларын ұлттық мазмұндағы ойындар, жобалар арқылы жетілдіру.
- МДҰ балалардың күні бойы қауіпсіз болуының алдын алу үшін:
 - тәрбиелеу-білім беру процесіне тиісті бақылауды қамтамасыз ету,
 - алдын алу шараларын уақтылы жоспарлау;
 - баланың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жағдайларды болдырмау үшін тиісті шаралар қабылдау

2025-2026 жаңа оқу жылының жылдық жоспарымен таныстыру:
Әр бөлімнің іс-шаралар жоспар өзінің мазмұнына қарай ұйымдастырылып жоспарланғанын сонымен қатар Үлгілік бағдарламаның негізінде перспективалық жоспарға, апталық оқу тәрбие циклограммасы тәрбиеленушілер жетістіктерінің мониторингіне (бастапқы, аралық, қорытынды) сәйкес жүзеге асырылатынын айты өтті. Перспективалық жоспарды оқу жылына пән мұғалімдерімен құрастырады.

Біліктілер мен дағдылар бойынша қыркүйек айында – бастапқы, қаңтар айында-аралық, мамыр айында- қорытынды мониторинг жүргізілетінін айтты. Циклограмманың құрылымына да тоқталып өтті. Сондай-ақ барлық топқа баланың қалыпты дамуына және оның денсаулығын нығайтуға мүмкіндік беретін күн тәртібі құрылды. Балаларды балабақшаға қабылдау 7.30 басталатындықтан күн тәртібінің аралықтары жоғарыда аталған санитарлық-эпидемиологиялық қағидаларында берілген аралық уақытты қатаң сақтаумен балалардың физиологиялық және психологиялық дамуына нұқсан келтірмеу мақсатында жасалып, бекітілу негізге алынды.

III E III MI:

1. Балабақшаның 2025-2026 оқу жылына арналған жылдық жоспары бекітілсін. Жоспарланған іс-шаралар жоспар бойынша өткізілсін. Перспективалық жоспар, күн тәртібі, оқу жоспары, ҰІӨ кестесі бекітілсін.

Жауапты: әдіскер Ж.Садуахасова

Педагогикалық кеңес төрайымы:

Педагогикалық кеңес хатшысы:

Г.Алмағанбетова

А.Аппаз



Педагогикалық кеңес отырысының

№ 2 Хаттамамсы

2025 жыл 21 қараша

Қатысқандар: педагогтар саны- 7

Қатыспағандар : жоқ

Тақырыбы: «Мектеп жасына дейінгі баланың әлеуметтік – эмоционалдық дамуы»

Мақсаты: Мектепке дейінгі ұйым педагогтарының әлеуметтік қарым - қатынас әлемінде мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеудегі білімдерін жүйелеу және осы бағыттағы жұмысты жетілдіру жолдарын анықтау.

Күн тәртібінде:

- 1.Өткен пед кеңес шешімінің орындалуы. Меңгеруші Г.Алмағанбетова
2. «Мектеп жасына дейінгі баланың әлеуметтік – эмоционалдық дамуы» кеңес . Әдіскер Ж.Садухасова
3. «Мектеп жасына дейінгі баланың әлеуметтік – эмоционалдық дағдыларын дамытуда ойын технологияларын қолдану» Бухарбаева Р. – ересек тобының тәрбиешісі.

1.ТЫҢДАЛДЫ

Меңгерушісі: Г.Алмағанбетова № 1 педагогикалық кеңесінің шешімдерінің орындалуына тоқталды. Балабақшаның 2025-2026 оқу жылының жоспарының міндеттері уақытылы орындалып жатқанын және де күн тәртібін басшылыққа алып балабақша жұмысын жалғастыруды айтып өтті.

2.ТЫҢДАЛДЫ

Ж.Садухасова – балабақша әдіскері

«Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды дамыту үшін мектепке дейінгі балалармен жұмыс формалары» тақырыбында педагогикалық идеялардың аукционы өткізілді. Іс-шара барысында педагогтер мектепке дейінгі жастағы балалардың әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын дамытуға бағытталған өздерінің тиімді жұмыс формалары мен педагогикалық идеяларын ұсынды. Аукцион формасында әр педагог балалардың эмоцияларын тану, қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру, өз сезімін білдіру, ұжымда әрекет ету дағдыларын дамытуға арналған әдіс-тәсілдермен бөлісті. Ұсынылған идеялар арасында ойын технологиялары, жағдаяттық тапсырмалар, рөлдік ойындар, сергіту жаттығулары, арт-терапиялық элементтер, коммуникативтік ойындар қамтылды. Педагогтер өз тәжірибелерінен нақты мысалдар келтіріп, ұсынылған жұмыс формаларының тиімділігін негіздеді. Педагогикалық идеялардың аукционы педагогтердің шығармашылық белсенділігін арттырып, тәжірибе алмасуға және әлеуметтік-эмоционалды даму бағытындағы жұмысты жетілдіруге мүмкіндік берді.

ШЕШІМІ:

1. Мектепке дейінгі балалардың әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын дамыту бойынша ұсынылған педагогикалық идеяларды оқу-тәрбие үдерісінде қолдану ұсынылсын.
2. Тиімді деп танылған жұмыс формаларын педагогтердің тәжірибесіне енгізу және тарату.
3. Әлеуметтік-эмоционалды даму бағытындағы озық тәжірибелермен алмасуды жүйелі түрде ұйымдастыру.
4. Педагогтерге балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып заманауи әдіс-тәсілдерді қолдану ұсынылсын.

3.ТЫҢДАЛДЫ

Тәрбиеші, Болатова Н, **«Оған өзін таныстыруды үйретіңіз»**. Өзіңізді жаңа біреумен таныстыруды білетіндігіңіз туралы. Баланың ауызша дамуына байланысты. Оны ойын сияқты жаттығу үшін жаңа балалармен бірге саябаққа апарыңыз. Егер ол ұялшақ болса, алдымен қиын болуы мүмкін, бірақ жаттығу кезінде ол көп нәрсені босатады.

«Өз кезегіңізді күтіңіз». Көптеген балалар қазір бәрін қалайды және олардың көңілдері аз. Сіз оған жас кезінен бастап үйрете алатын нәрсе - ол сол сәтте бірдеңе алғысы келсе де, кейде күтуге мәжбүр болады. Егер балада қалаған ойыншық болса, ол баланың өз кезегінде ойнағанын күтуі керек. Сіз баланың жағына барып, оны аяқтағаннан кейін оған беруін айтуға болады. Ол өзін басқа баланың орнына қойсын, егер ол ойыншықты ойнаған кезде алып кеткісі келсе. Бұл басқаларға деген эмпатия мен құрметті жақсартады.

«Карталар». Балалар шеңберге отырады және оларға топтағы басқа адамның аты жазылған карточканы таратады. Олар мұны мүмкіндігінше егжей-тегжейлі сипаттауы керек: олардың өмір сүру тәсілі, не ұнатады, нені ұнатпайды. Бұл бір-бірімен танысу тәсілі. Әлеуметтік дағдыларға өте қызықты аспектілер кіреді. Өзін-өзі бағалау, талап қою, өзін-өзі бақылау, жанашырлық, сенімділік... байланысты және біздің коммуникативтік дағдыларымызға әсер ететін аспектілер. Олармен жұмыс жасау біздің өміріміздің басқа да маңызды бөліктерін жақсартуға әсер етеді.

ШЕШІМІ:

Психологиялық, эмоционалды, әлеуметтік дайындығын қалыптастыру мақсатында, тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда балабақша педагогтері осы ойындарды қолдану ұсынылады:

4.ТЫҢДАЛДЫ:

Балабақша әдіскері «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде жоспарланған іс-шара бойынша, «Бірлік және ынтымақ» айы аясында

Педагогикалық кеңес отырысының

№ 3 Хаттамамсы

2026 жыл 16 қаңтар

Қатысқандар: педагогтар саны- 6

Қатыспағандар : 1-педагог (себепті)

Тақырыбы: «Педагогикалық ассамблея».

Өткізу нысаны: озық педагогикалық жұмыс тәжірибесінің презентациясы

Күн тәртібінде:

№2 педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы

Меңгеруші: Г.Алмағанбетова

Үлгі бағдарламаның мазмұнын игеру бойынша аралық мониторинг нәтижелері.

Әдіскер: Ж.Садуахасова

«Мектеп жасына дейінгі баланың танымдық құзыреттілігін ойын арқылы дамыту»

Музыка жетекшісі: Назарова А.

1.ТЫҢДАЛДЫ

Меңгерушісі: Г.Алмағанбетова

№ 2 педагогикалық кеңесінің шешімдерінің орындалуына тоқталды.

2.ТЫҢДАЛДЫ

Екінші сұрақ бойынша сөз алған әдіскер Ж.Садуахасова

Үлгі бағдарламаның мазмұнын игеру бойынша аралық мониторинг нәтижелері туралы ақпарат тыңдалды.

Аралық мониторинг балабақшаның барлық жас топтарында Үлгі бағдарлама талаптарына сәйкес жүргізілді. Мониторингтің мақсаты-тәрбиеленушілердің білім, білік және дағдыларының қалыптасу деңгейін анықтау, оқу-тәрбие үдерісінің сапасын бағалау.

Мониторинг нәтижелері бойынша балалардың бағдарламалық мазмұнды игеру деңгейі негізінен қанағаттанарлық және жақсы деңгейде екені анықталды.

Балалардың жас ерекшеліктеріне сай дамуы, танымдық белсенділігі мен негізгі дағдыларының қалыптасуында оң динамика байқалды. Сонымен қатар, кейбір білім беру салалары бойынша жекелеген тәрбиеленушілерге қосымша қолдау қажет екені анықталып, алдағы кезеңде түзету және дамыту жұмыстары жүргізу қажеттілігі атап өтілді.

ШЕШІМ

- Педагогтерге тәрбиеленушілердің жеке даму ерекшеліктерін ескере отырып, оқу-тәрбие үдерісін жетілдіру ұсынылсын.
- Үлгі бағдарлама талаптарының орындалуына тұрақты бақылау жүргізу және келесі мониторинг нәтижелерін педагогикалық кеңесте талқылау.

3.ТЫҢДАЛДЫ

Музыка жетекшісі А.Назарова

«Мектеп жасына дейінгі баланың танымдық құзыреттілігін ойын арқылы дамыту» тақырыбында тәжірибе алмасу ұйымдастырылып, өткізілді. Тәжірибе алмасу барысында педагогтер мектепке дейінгі жастағы балалардың танымдық құзыреттілігін дамытуда ойын технологияларын қолдану тәжірибелерімен бөлісті. Ойын арқылы баланың ойлау қабілетін, зейінін, есте сақтауын, логикалық ойлауын және шығармашылық белсенділігін дамытуға бағытталған тиімді әдіс-тәсілдер ұсынылды. Педагогтер дидактикалық ойындар, дамытушы ойындар, логикалық тапсырмалар, жағдаяттық және сюжеттік-рөлдік ойындарды оқу-тәрбие үдерісінде қолдану жолдарын көрсетті. Ұсынылған тәжірибелер балалардың танымдық қызығушылығын арттыруға және белсенділігін дамытуға оң әсер ететіні атап өтілді. Тәжірибе алмасу педагогтердің кәсіби шеберлігін арттырып, озық тәжірибелерді практикада қолдануға мүмкіндік берді.

ШЕШІМІ

- 1.Педагогтердің тәжірибесінде ұсынылған ойын технологияларын мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық құзыреттілігін дамытуда қолдану ұсынылсын.
- 2.Тәжірибе алмасу барысында тиімді деп танылған әдіс-тәсілдерді оқу-тәрбие үдерісінде тұрақты түрде енгізу.
- 3.Педагогтерге балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, танымдық дағдыларды дамытуға арналған ойын формаларын қолдану ұсынылсын.

Педагогикалық кеңес төрайымы:
Педагогикалық кеңес хатшысы:



Г.Алмағанбетова
А. Аппаз

Педагогикалық кеңес отырысының №4 ХАТТАМАСЫ

15 сәуір 2026 жыл

Қатысқандар: педагогтар саны – 7

Қатыспағандар – жоқ

Тақырыбы: «Бала денсаулығын сақтаймыз және нығайтамыз»

Күн тәртібі:

1. №3 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы - меңгеруші
Г.Алмағанбетова
2. Балалардың денсаулығы туралы - медбике
3. Ертеңгіліктердің ұйымдастырылуы - меңгеруші
4. «Салауатты педагог-салауатты бала» практикалық квест – әдіскер,
тәрбиешілер
5. Ағымдағы мәселелер.

1.ТЫҢДАЛДЫ:

Балабақша меңгеруші Г.Алмағанбетова алдыңғы педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдерге сәйкес балабақшада экологиялық тәрбие беру аясында жүргізілген жұмыстар бойынша қорытынды есеп берді. Г.Алмағанбетова жүйелі жүргізілген жұмыстарға тоқталды. Ортаңғы тобы ата-аналармен бірлесе отырып, құстарға арналған ұялар жасап балабақша ауласына орналастырып, оларға жем беру, бақылау жасау жұмыстарын атқарғандығын айтты. Сонымен қатар барлық топтарда бөлме гүлдеріне күтім жасау, суару, жапырақтарын сүрту т.б. жұмыстар күнделікті орындалды. Тәрбиешілердің жүйелі жұмыстарының нәтижесінде балалардың қызығушылығы мен табиғатқа деген сүйіспеншілігі артты.

ШЕШІМІ:

1. №3 педкеңес шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп бағалансын.

2.ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша балабақша мейірбикесі тыңдалды. Мейірбике оқу жылы бойындағы тәрбиеленушілердің балабақшаға қатынасы былтырғы жылмен салыстырғанда жоғары деңгейде және олардың аурушандық деңгейінің төмендегендігі байқалғандығына тоқталды. Балалардың анықтамаларын салыстырмалы талдау қорытындысы бойынша мектепалды тобы 7%, ересек тобы 6%, ортаңғы тобы 11%, жоғары болды. Сондай-ақ балабақша бойынша 18 бала (ветрянкамен) ауырған. Мейірбике балаларда санитарлық-гигиеналық дағдылар қалыптастыру, балалық

шақтан бастап салауатты өмір сүруге үйрету, іс-әрекет, ойын барысында сергіту сәтін, қимыл-қозғалысқа арналған жаттығулар, қозғалыстық ойындарды қосудың маңыздылығын айтты.

ШЕШІМІ:

2. Мейірбикенің балалардың аурушандығы бойынша талдамасы қанағаттанарлық деп бағалансын.

3.ТЫҢДАЛДЫ:

Г.Алмағанбетова ертеңгіліктердің ұйымдастырылуы бойынша әр топтың тәрбиешілеріне, сонымен бірге мамандардың да жұмыстарына оң баға берді. Ертеңгіліктердің өтуіне байланысты айтарлықтай кемшіліктер болмағандығына, ал кейіпкерлерді сомдаған тәрбиешілердің шеберліктерін жоғары бағалады.

4.ТЫҢДАЛДЫ:

«Салауатты педагог-салауатты бала» практикалық квест бойынша әдіскер Ж.Садуахасова балалардың денсаулығын нығайтудағы педагогтің рөлі, бала денсаулығын сақтау үшін қандай бағытта жұмыс істеу қажеттігін (таңғы жаттығу, дене тәрбиесі, серуен) және бала денсаулығын сақтауда дұрыс тамақтану туралы да тоқталды (теңгерімді ас, дәрумендер, су режимі, қол жуу, тазалық, қауіпсіз орта) Балалардың денсаулығын нығайтуда ата-анамен түсіндіру жұмыстарын жүргізудің, яғни бірлескен жұмыстың маңыздылығы айтылды.

СӨЗ АЛҒАНДАР:

Меңгеруші Г.Алмағанбетова

Практикалық квесте көрсетілген әдістерді, оның тиімділігін түсіндіре келе, педагогтарға денсаулық сақтау технологияларын балалардың жас ерекшелігіне сәйкес кеңінен қолдануға аса көңіл бөлуді айтты.

ШЕШІМІ:

4.Балалардың күн тәртібінде дене белсенділігін арттыру жұмыстары жүйелі жүргізілсін. Ата-аналармен денсаулықты нығайту бағытында бірлескен жұмыстар жандандырылсын.

Педагогикалық кеңес төрайымы:

Педагогикалық кеңес хатшысы:



Г.Алмағанбетова

А.Аппаз

Педагогикалық кеңес отырысының №5 ХАТТАМАСЫ

25 мамыр 2026 жыл

Қатысқандар: педагогтар саны – 7

Қатыспағандар –0

Күн тәртібі:

1. №4 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы.
2. 2025 - 2026 оқу жылындағы балабақшаның жұмысын талдау.
3. 2025-2026 оқу жылы бойынша қорытынды жылдық есеп (тәрбиешілер, пән мұғалімдері)
4. Жазғы сауықтыру-шынықтыру жоспарын бекіту.

1.ТЫҢДАЛДЫ:

Балабақша меңгерушісі Г.Алмағанбетова №4 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы мерзіміне сәйкес жүзеге асырылғандына тоқталды. Тәрбиешілер күн тәртібін сақтай отырып, балаларды дамытуға бағытталған іс-әрекеттерді тәрбиеленушілердің жас ерекшелігін ескере отырып жүйелі түрде ұйымдастырып жүргізілгендігін айтты.

ШЕШІМІ:

1. № 4 педкеңес шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп бағалансын.

2.ТЫҢДАЛДЫ

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері тыңдалды. 2025 - 2026 оқу жылындағы балабақшаның жұмысы, балалардың жан-жақты дамуына бағытталған тәрбиелік-білім беру жұмыстар жылдық жоспарға сәйкес ұйымдастырылған іс-әрекеттер мемлекеттік стандарт талаптарына сай жүзеге асырылғандығына талдама жасап, 2025–2026 оқу жылында қойылған мақсаттар мен міндеттер негізінен толық орындалғандығын айтты. 2025–2026 оқу жылы барысында оқу жылының басында, ортасында және соңында балалардың даму деңгейіне жүргізілген мониторинг нәтижесі бойынша балалардың даму көрсеткіштерінде оң динамика байқалды, барлық топ бойынша даму деңгейі төмен балалар мүлдем болмады (0%). Оқу жылы бойындағы тәрбиеленушілердің балабақшаға қатынасы былтырғы жылмен салыстырғанда жоғары деңгейде және олардың аурушандық деңгейінің төмендегендігі байқалғандығын айтты. Оқу жылы барысында кәсіби даму бойынша өткен ашық іс-әрекеттер, семинарлар мен әдістемелік жұмыстарға тоқталып, өз ұсынысын білдірді.

ШЕШІМІ:

2. Балабақшаның 2025 - 2026 оқу жылындағы жұмысы қанағаттанарлық деп бағалансын.

3.ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша барлық топтың тәрбиешілері мен пән мұғалімдері, мамандар да 2025-2026 оқу жылында барлық бағыттар бойынша атқарылған жұмыстарға (ата-аналар жиналысы, ашық есік күндері, жеке кеңестер, мерекелік іс-шаралар, күнделікті кері байланыс) қорытынды есеп берді.

ШЕШІМІ:

3. Тәрбиешілер мен мамандардың 2025 - 2026 оқу жылындағы жұмыстары қанағаттанарлық деп бағалансын.

4.ТЫҢДАЛДЫ:

«Жазғы сауықтыру-шынықтыру жоспарын бекіту» бойынша әдіскер Ж.Садуахасова жазғы сауықтыру жұмыстарының жетістіктері ең алдымен балабақша ұжымының қаншалықты уақытылы және сапалы дайындығымен анықталатындығына назар аударды. Балалардың денсаулығын нығайтудағы педагогтің рөлі, бала денсаулығын сақтау үшін қандай бағытта жұмыс істеу қажеттігін (таңғы жаттығу, дене шынықтыру, серуен) және бала денсаулығын сақтауда дұрыс тамақтану туралы да тоқталды (теңгерімді ас, дәрумендер, су режимі, қол жуу, тазалық, қауіпсіз орта). Балалардың денсаулығын нығайтуда ата-анамен түсіндіру жұмыстарын жүргізудің, яғни бірлескен жұмыстың маңыздылығы айтылды.

СӨЗ АЛҒАНДАР:

Меңгеруші Г.Алмағанбетова

Жазғы сауықтыру кезеңіндегі жұмыстардың басты міндеттеріне тоқталып, балалардың денсаулығы мен өмірін сақтау және қорғауды қамтамасыз ету үшін жағдай жасап, аса көңіл бөлуді айтты.

Келесі оқу жылында тәрбиешілерді топтарға жасақтау бойынша ұсыныстар айтылды.

ШЕШІМІ:

4. 2025 – 2026 оқу жылының жазғы сауықтыру-шынықтыру жоспары бекітілсін.

Педагогикалық кеңес төрайымы:
Педагогикалық кеңес хатшысы:



Г.Алмағанбетова
А.Аппаз

